

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 тамыздағы N 1175 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 қарашадағы N 1090 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 873 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы директорларының кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 тамыздағы N 1175 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы директорлары кеңесінің құрамына :

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Берік Мәжитұлы Имашев, төраға (келісім бойынша) болып енгізілсін;

"Иван Михайлович Кравченко - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда бірінші вице-министрі, төраға" деген жолдағы "төраға" деген сөз " төрағаның орынбасары" деген сөздермен ауыстырылсын; көрсетілген құрамнан Ақылбек Қажығұлұлы Күрішбаев шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*